| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Біртіндеп ояту: жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығуы: Түйіршек жұмсақ жолақ шамен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулар (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: | Біртіндеп ояту: жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығуы: Түйіршек, жұмсақ жолақ шамен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулар (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). | Біртіндеп ояту: жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығуы: Түйіршек, жұмсақ жолақ шамен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулар (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). | Біртіндеп ояту: жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығуы: Түйіршек, жұмсақ жолақ шамен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулар (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). | Біртіндеп ояту: жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығуы: Түйіршек, жұмсақ жолақ шамен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулар (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|---|
| | Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиена Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиена лық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиена лық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиена лық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиена лық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| Бесін ас | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиена дағды, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | Тіл ұстарту. Та-та та- айла толы табиғат Аш-аш-аш-мынауузынағаш. Ас-ас-ас мынауқоныртас У-у-у сылдырлайды су. | «Қай жерде тіршілік етеді? Суреттен жануарлардың тіршілік ететін аймағын айта алады. Жас экологтар вариатив Т: Біздің таза алаң М: Экологиялық сенбілік өткізу маңызын ұғындыру. Тазалыққа баулу Әдісі:ұжымдық жұмыс, практикалық әрекет Тапсырма:алаңды тазалау | «Жабайын жануарларды ажырат» Үй құстары, дала құстарын біледі және топтастыра алады. Кішкентай ізденушілер вариатив Т: Күн мен түн М: Күн мен түннің алмасуы туралы түсінік беру Әдісі: сұрақ-жауап, зерттеу Тапсырма:сағатпен, глобуспен жұмыс, ойын | Жануарларға қалай көмектесеміз?» Жануарлар туралы білімдерін кеңейтеді, білімдерін жетілдіреді. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамытады. Жануарларға қамқорлықпен қарауды үйренеді. | «Орман және дала жануарлары» суреттерден орманда және далада тіршілік ететін жануарларды табады, оғлар туралы әңгімелейді. Қауіпсіздік әрекеті «ҚАУІПСІЗ АТТРАКЦИОН ДАР. ОЙЫН-САУЫҚ САЯБАҒЫНДА ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК?» |
| Балалармен жеке жұмыс | «Ненің ізі?» Мақсаты: Берілген аңдардың іздерін таба алады. (Қоршаған әлеммен таныстыру) | :«Жабайы жануарлар» Мақсаты: Жұмарлау, жырту, умақдалған, жыртыған құрастыру. (Қоршаған әлеммен таныстыру | Дала жануарлары мен үй жануарларын ажырат ». Мақсаты:дала құстары мен үй құстарының айырмашылықтарын ажырата алады. (Қоршаған әлеммен таныстыру | «Кім біледі?» М: Табиғаттың тылсым дүниелерімен танысады, жабайы жануарлар атауларын ажырата біледі. (Қоршаған әлеммен таныстыру | :«Жол картасын бейнеле» М:Берілген заттарды өз бағытына қоя білу дағдысын қалыптастырады.. (Күн, гүл, тас, құс, су, шөп, бұлт) (Қоршаған әлеммен таныстыру |
| Серуенге дайындық | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды | | | | |

| | | | | | |
|------------------------|---|--|--|--|--|
| | үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуенде қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру | | | | |
| Серуен | «Қорғаушы» Шарты: Бір бала допты қорғайды, басқалары алып кетуге тырысады | «Тепе-теңдік сақта» Шарты: Тар жолақпен жүріп өтіп, соңында секіріп түседі. | «Жалаушаны жеткіз» Шарты: Эстафета арқылы жалаушаны келесі ойыншыға береді. | «Допты қағып ал» Шарты: Жұптасып, допты бір-біріне лақтырып, қағып алады. | «Түсті тап» Шарты: Педагог атаған түсті белгіні тез тауып барады. |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Кешкі ас | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут | | | | |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Түсінік
Не

Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

Топ: "Алма" мектепалды топ Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезені: Сәуір айы 2026 жыл 4 апта

Тәрбиешілер: Канаева Р. Камыспаева Г.К

Дәйексөз «Кішкентай іске де жауапкершілікпен қара!»

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу. Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.04.2026 ж | Сейсенбі 21.04.2026 ж | Сәрсенбі 22.04.2026 ж | Бейсенбі 23.04.2026 ж | Жұма 24.04.2026 ж |
|--|---|--|--|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) | Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. «Көктем туралы» тақпақтарын еске түсіру. | Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу «Күй күмбірі» https://lmusic.kz/mp3/ajbek-bekbosyn-konil-ashar/23318 | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру https://lmusic.kz/mp3/ajbek-bekbosyn-konil-ashar/23318 |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Апта бойғы орындалатын жұмыстар туралы ақпарат беру. Өнегелі 15 минут | Балаларға үйде ертегі оқып беру. Ата-аналарға кеңес Өнегелі 15 минут | Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Өнегелі 15 минут | Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру. Өнегелі 15 минут | Ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының байланысты киінуі туралы әңгімелесу. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес | «Артығын тап» Мақсаты: Берілген тізбектен артық затты таба алады. (тіл дамыту.) | «Көңіл-күйді бейнеле» Мақсаты: Көңіл-күй суреттерін таба алады. (Қоршаған әлеммен таныстыру) | «Ретімен әңгімеле» Мақсаты: Балалар суреттер бойынша әңгімелеп құрастыра алады. (көркем әдебиет, тіл дамыту) | «Шытырман» Мақсаты: Суретті қателерді табады. (тіл дамыту, сурет салу) | :«Қай мезгілде болады?» Мақсаты: Суреттен мезгіл құбылыстарын айта алады. (Қоршаған әлеммен таныстыру) |
| Ертеңгілік жаттығу | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету | | | | |
| | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Тізбекпен жүру. Жүгіру. | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды алға | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Тізбекпен жүру. Жүгіру. | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды |

| | | | | | |
|--------------------------------------|--|---|---|--|--|
| | айналдыру 5–6 рет. Қолды алға созу 5–6 рет. Қолды жоғары көтеру 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Алға еңкею 5–6 рет. Отыру 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. Қорытынды бөлім: Дем алу. | Негізгі бөлім: Қолды жоғары көтеру 5–6 рет. Қолды жанға ашу 5–6 рет. Қолды айналдыру 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Еңкею 5–6 рет. Жүрелеп отыру 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. Қорытынды бөлім: Тыныс алу | созу 5–6 рет. Қолды айналдыру 5–6 рет. Қолды артқа сермеу 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Еңкею 5–6 рет. Отыру 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. Қорытынды бөлім: Дем алу. | Негізгі бөлім: Қолды жоғары созу 5–6 рет. Қолды жанға ашу 5–6 рет. Қолды айналдыру 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Алға еңкею 5–6 рет. Жүрелеп отыру 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. Тыныс алу | айналдыру 5–6 рет. Қолды алға созу 5–6 рет. Қолды жоғары көтеру 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Еңкею 5–6 рет. Отыру 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. Қорытынды бөлім: Дем алу |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнына отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу. | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. (көркем әдебиет) | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындар үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) | Оюларды сәйкестендір, балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. ұлттық құндылық | Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері) |
| Кестеге сәйкес ҮІӨ | 1. Дене тәрбиесі Ждж: Қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру. Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Қолды алға-артқа сермеу. Тізерлеп отырып, допты айналдыра домалату. Бір аяқты көтеріп, астынан зат беру. Жартылай отыру (4–5 рет) Аяқты кезекпен алға қою. Нқ Кегльдердің арасымен жүру көктемгі соқпақпен жүргендей қозғалу Жіптерден аттап өту шалшықтарды айналып өткен сияқты Гимнастика скамейка бойымен жүру | 1. Музыка (маманның жоспары бойынша) 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жемістерді бастыру Міндеті: Дайын суреттерді (алма, алмұрт, банан) шетке шығармай дәл бастыру дағдыларын жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс, бақылау, мадақтау Тапсырмалары: | 1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Жазу жолын сақтау Міндеті: Жазу жолын, жоларалық кеңістікті сақтай отырып жұмыс істеуге үйрету. Ұқыптылық пен дәлдікті қалыптастыру. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, жаттығу, бақылау Тапсырмалары: Сызық бойымен жүргізу Жолдан шықпай жазу Ойын: «Дұрыс жүргіз» Ойын барысы: Балалар дәптердегі | 1. Музыка (маманның жоспары бойынша) 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстарды қайталау Міндеті: Өткен дыбыстарды қайталау, бекіту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату дағдыларын нығайту. Дыбыстарды анық, дұрыс айтуға жаттықтыру. Әдіс-тәсілдері: Қайталау, сұрақ-жауап, дыбыстық жаттығу, ойын, мадақтау | 1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ақылды қоян» Міндеті: Шығармашылық ойлауын дамыту. Сюжет құрастыруға үйрету. Әдіс-тәсілдері: Өңгіме, ойын Тапсырмалары: Өз ертегісін құрастыру Ойын: «Ертегі ойлап тап» Ойын барысы: Балалар жаңа оқиға құрастырады. 2. Математика негіздері Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар |

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| <p>көпірден өткендей тепе-теңдікті сақтау Түзу бағытта адымдап жүру көктемгі серуенді бейнелеу Қимылды ырғаққа сай орындау С/о элементтері Бадминтон воланды бағыт тау дәлдік пен ептілікті дамыту Қимылды бақылап орындау Қ.ойын: «Кедергілер жолы» әртүрлі кедергілерден өтеді аттайды айналып жүреді еңбектейді Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады</p> <p>2. Қазақ тілі «Құстар – табиғаттың ажары» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Мақалды түсіндір және қолдан» «Құс – табиғат көркі» мақалын ұсынады. «Бұл мақалда құстардың табиғатқа әдемілік беретінін айтады. Менің ойымша, құстар табиғатты көріктендіреді және табиғатқа пайда келтіреді». «Құстар не үшін керек?» «Құстар табиғатқа пайдалы, себебі олар зиянды жәндіктерді жейді және табиғатты қорғайды». өз пікірін дәлелдеуге, бір-бірінің жауабын тындап толықтыруға дағдыланады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «Қ, Ғ, Ң дыбыстарын анық айту» Құс, қарға,</p> | <p>Жемістердің суретін бастыру</p> <p>Сызықтан шықпай жүргізу</p> <p>Ойын: «Не салдым?»</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Балалар суретті бастырып болған соң:</p> <p>«Мен алма салдым», «Алма дөңгелек, қызыл» деп сипаттайды.</p> <p>Сөйлеу мен қол қимылы қатар дамытылады.</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: Заттардың пішіні мен көлемі</p> <p>Міндеті:</p> <p>Балаларды заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) мен көлемін (үлкен, кіші) ажырата білуге үйрету.</p> <p>Салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>Зерттеу барысында жаңа мәлімет алуға ынталандыру.</p> <p>Әдіс-тәсілдері:</p> <p>Көрсету, салыстыру, зерттеу, сұрақ-жауап, ойын, мадақтау</p> <p>Тапсырмалары:</p> <p>Заттарды пішіні мен көлеміне қарай топтастыру</p> <p>Үлкен-кіші ұғымдарын</p> | <p>сызықтарды бастырып жүргізеді.</p> <p>Тәрбиеші әр баланың жұмысын тексеріп, түзетеді.</p> <p>Жолдан шықпауға ерекше назар аударылады.</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Табиғаттағы өзгерістер</p> <p>Міндеті:</p> <p>Логикалық сөйлеуді дамыту.</p> <p>Интонацияны дұрыс қолдану.</p> <p>Әдіс-тәсілдері:</p> <p>Түсіндіру, сұрақ-жауап</p> <p>Тапсырмалары:</p> <p>Өзгерістерді айту</p> <p>Ойын: «Не өзгерді?»</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Балалар:</p> <p>«Қар еріді»</p> <p>«Су ақты»</p> <p>«Күн жылыды» деп толық сөйлеммен жауап береді.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>«Құстарға қамқорлық жасау»</p> <p>Тілдік дамытушы орта</p> <p>«Пікір білдіру және дәлелдеу»</p> <p>«Құстарға неге қамқор болу керек?»</p> <p>«Құстарға қамқор болу</p> | <p>Тапсырмалары:</p> <p>Өтілген дыбыстарды атау</p> <p>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату</p> <p>Дыбыстарды сөз ішінде табу</p> <p>Ойын: «Қайтала және тап»</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Тәрбиеші жеке дыбыстарды (а, о, м, т, с) айтады.</p> <p>Балалар қайталайды және оның дауысты не дауыссыз екенін айтады.</p> <p>Содан кейін «мал», «тас» сияқты сөздер беріліп, дыбыстарды табады.</p> <p>Әр баланың дұрыс айтуы қадағаланады</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: Кеңістікте бағдарлау</p> <p>Міндеті: Кеңістікте бағдарлау дағдыларын қалыптастыру (оң, сол, жоғары, төмен, алдында, артында).</p> <p>Бақылау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Әдіс-тәсілдері:</p> <p>Қозғалыс арқылы үйрету, тәжірибе, сұрақ-жауап, ойын</p> <p>Тапсырмалары:</p> | <p>Міндеті:</p> <p>Логикалық ойлау, талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау дағдыларын дамыту.</p> <p>Қорытынды жасауға үйрету.</p> <p>Әдіс-тәсілдері:</p> <p>Сұрақ-жауап, талдау, проблемалық жағдай, ойын</p> <p>Тапсырмалары:</p> <p>Қарапайым логикалық есептерді шешу</p> <p>Жауабын түсіндіру</p> <p>Ойын: «Ойлан және жауап бер»</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Тәрбиеші тапсырма береді: «Үстелде 3 алма болды, тағы 2 алма әкелді. Барлығы неше алма болды?»</p> <p>Балалар санап, жауап береді және қалай шығарғанын түсіндіреді.</p> <p>Қосымша: салыстыру, артық/кем анықтау тапсырмалары беріледі.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Тақырыбы: Жануарлардың мекен ету ортасы</p> <p>Міндеті:</p> <p>Жануарлардың мекен ету ортасын анықтау (орман, су, дала, бақша).</p> <p>Себеп-салдарлық</p> |
|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|---|---|---|--|---|
| <p>карлыгаш, шағала, жаңбыр. Сөздерді буынға бөліп, анық айтуға көңіл бөлінеді. «Тыныс, дикция жаттығу» «Көктемде жылы жақтан құстар ұшып келеді және өздеріне ұя салады». Сөйлем баяу, анық айту арқылы сөйлеу мәдениеті дамытылады. Сөздік қор «Жұмбақ шешу» кезекпен құстар туралы сөйлем құрайды: «Қарлыгаш ұшады» – «Торғай сайрайды» – «Қарға қаркылдайды». сөздік қорын кеңейтеді байланыстырып сөйлеуге үйретеді. Грамматика құрылым «Сөйлем түрлерін қолдану» Хабарлы: Құстар ұшады. Сұраулы: Құстар қайда ұшады? Лепті: Қандай әдемі құстар! «Жайылма сөйлем құрастыру» «Құс ұшты» → «Кішкентай құс аспанда ұшты» → «Кішкентай құс көк аспанда еркін ұшып жүр». Байланыстырып сөйлеу «Әңгіме құрастыру» Балалар құстар туралы 6–7 сөйлемнен тұратын толық әңгіме құрайды: құстар келуі, ұя салуы, балапан шығару туралы «Сурет бойынша әңгіме» суретке қарап, толық сипаттап әңгімелейді.</p> | <p>қолдану Ұқсастығы мен айырмашылығын айту Ойын: «Салыстыр және түсіндір» Ойын барысы: Балаларға әртүрлі пішіндегі және көлемдегі заттар беріледі. Балалар оларды салыстырып: «Бұл үлкен дөңгелек, бұл кіші шаршы» деп толық сөйлеммен айтады. Себебін түсіндіруге бағыт беріледі. 4. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қарға мен түлкі» мысалы Міндеті: Мысалдың мазмұнын түсіну. Кейіпкерлерді өз бетінше өзгертіп ойнау. Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, талдау Тапсырмалары: Мысалды мазмұндау Ойын: «Басқаша кейіпкер» Ойын барысы: Балалар кейіпкерді өзгеше мінезбен бейнелейді.</p> | <p>керек, себебі олар табиғатқа пайдалы және әдемілік береді». «Диалог құру» – Сен құстарға қалай көмектесесің? – Мен құстарға жем беремін, ұя жасаймын. Балалар еркін сөйлесуге дағдыланады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «Дыбыстарды анық айту» Қ, Ғ дыбыстары бар сөздерді айту: құс, қарға, шағала. «Тыныс және қарқын» «Құстарға қамқор болу керек». Сөздік қор «Жаңылтпаш айту» «Жұмбақ шешу» Грамматикалық құрылым «Септеу» Құс – құстың – құсқа – құсты – құста – құстан. «Себеп-салдар сөйлем» «Мен құстарға көмектесемін, себебі олар табиғатқа пайдалы». Байланыстырып сөйлеу «Әңгіме құрастыру» «Диалог және талқылау» Балалар топпен сөйлеседі. 4. Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар</p> | <p>Заттардың орнын анықтау Бағыттарды дұрыс айту Ойын: «Қайда орналасқан?» Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықты орналастырады: «Доп үстелде», «Доп үстелдің астында», «Доп оң жақта». Балалар толық сөйлеммен жауап береді. Кейін балалар өздері затты қойып, бір-біріне сұрақ қояды. 4. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көктемгі ойындар Міндеті: Диалогтық сөйлеуді дамыту. Бір-бірін тындауға дағдыландыру. Әдіс-тәсілдері: Ойын, әңгімелесу Тапсырмалары: Ойын туралы әңгімелеу Ойын: «Сұрақты жалғастыр» Ойын барысы: Тәрбиеші: «Көктемде балалар...» Балалар жалғастырады: «Көктемде балалар далада</p> | <p>байланыстарды түсіндіру. Зерттеу, бақылау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Бақылау, талдау, салыстыру, ойын Тапсырмалары: Жануар мен ортасын сәйкестендіру Неліктен сол жерде өмір сүретінін айту Ойын: «Қайда өмір сүреді?» Ойын барысы: Балалар: «Балық суда өмір сүреді, себебі ол жүзеді», «Қасқыр орманда өмір сүреді» деп толық жауап береді. 4. Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға жан-жаққа көтеру көктемгі күнге созылу Қолды жоғары көтеру денені тік ұстау Саусак жаттығулары жанбыр тамшыларын бейнелеу Жартылай отыру гүл отырғызғандай кимып Аяқты көтеру жеңіл көктемгі қадам жасау Негізгі кимылдар Бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу ептілік</p> |
|---|---|---|--|---|

3.Қоршаған әлеммен тан
Т: Жануарларды топтастыру
М: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру (құс, балық, аң, жәндік).
Талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, салыстыру, зерттеу, сұрақ-жауап, ойын
Жануарларды топтарға бөлу.
Әр топтың ерекшелігін айту
Ойын: «Топқа бөл және түсіндір» барысы: жануарларды топтарға бөліп: «Бұл құс, өйткені ұшады», «Бұл балық, өйткені суда жүзеді» деп түсіндіреді
4. Мүсіндеу Жапсыру
Сурет салу Құрастыру
Т: Құстарды бейнелеу.
Міндеті: шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білу түс үйлесімділігін сақтай отырып бояу.
Затқа қарап мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қағаздан құстарды құрастыру. Топпен бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.
Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс, топтық жұмыс, мадақтау, «Шеберлер көрмесі»
Бұл – құс, мен оны сұр түспен боядым»

Қолды сермеу көктемгі желдің қозғалысын бейнелеу
Қолды жан-жаққа созу құстар сияқты қалықтау
Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын көрсету
Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл
Аяқты алға қою жеңіл көктемгі қадам жасау
Негізгі қимылдар
20 метрге жылдамдыққа жүгіру көктемгі алаңда шапшаң қозғалу
Сап түзеп бір екі үш қатармен қайта тұру ұйымшылдық пен тәртіпті қалыптастыру
Музыкалық-ырғақ қимыл
Музыкамен қозғалыс көктемгі көңілді әуенмен қимылдау
Қозғалысты ырғаққа сәйкестендіру
Спорттық ойын элемент
Бадминтон воланды бағыттап соғу дәлдік пен ептілікті дамыту
Қ. ойын: «Жылдам бол»
белгі бойынша тез қозғалып тапсырманы орындайды
Көктемгі жарыс ретінде ұйымдас тырылады
Кім жылдам әрі дұрыс орындаса сол мадақталады
Шапшаңдық пен зейін дамиды

пен күшті дамыту
Тепе-теңдікті сақтай отырып тақтай бойымен жүру көпірден өткен сияқты қозғалу
Қимылды қауіпсіз әрі дұрыс орындау
Музыкалық-ырғақтық қимылдар
Жұппен шеңбер бойымен жүру көктемгі серуенді бейнелеу
Музыка ырғағына сай үйлесімді қозғалу
Спорттық ойын элементтері
Воланды ракеткамен лақтыру дәлдік пен қозғалысты үйлестіруді дамыту
Қимылды бақылап орындау
Қ. ойын: «Өрмелеушілер»
Балалар кезекпен өрмелеп кедергілерден өтеді
Көктемгі белсенді ойын ретінде ұйымдастырылады
Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады
Ойын барысында ептілік шапшаңдық және батылдық дамиды

| | | | | | |
|------------------------------------|--|--|--|--|--|
| 2-ші таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Дәруменге бай жемістерді қабылдау. Үстел басында дұрыс отыру, ас ішу кезінде мәдениеттілік ережелерін сақтау. Тамақтан соң алғыс айту, ауыз шаю. | | | | |
| Серуенге дайындық | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру | | | | |
| Серуен | Бақылау: Күн Бақылау барысы: Күннің жылуын тағы да сезіндіру, бекіту. Дербес әрекет: Еркін ойын. Еңбекке баулу: Өсімдіктерге су құю. Қимылды ойын атауы: «Күн мен жаңбыр» Ойын шарты: Белгі бойынша әрекет ету. | Бақылау: Жел Бақылау барысы: Желдің күшеюін бақылау, қозғалысын көрсету. Дербес әрекет: Қозғалыс ойындары. Еңбекке баулу: Жапырақ жинау. Қимылды ойын атауы: «Жел» Ойын шарты: Жел сияқты қозғалу | Бақылау: Гүлдер Бақылау барысы: Гүлдерді салыстырып, ерекшелігін айту. Дербес әрекет: Тамашалау. Еңбекке баулу: Суару. «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Ақсерек-көксерек» | Бақылау: Бұлт Бақылау барысы: Бұлттардың пішінін бақылау. Дербес әрекет: Еркін ойын. Еңбекке баулу: Алаңды тазалау. Қимылды ойын атауы: «Бұлтқа жет» Ойын шарты: Жоғары секіру. | Бақылау: Құстар дыбысы Бақылау барысы: Құстардың дыбысын тыңдап ажырату. Дербес әрекет: Еркін қозғалыс. Еңбекке баулу: Жем беру. Қимылды ойын атауы: «Құс болып ұшу» Ойын шарты: Қолды жайып жүгіру |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Істық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнына жату. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. | | | | |
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды әуенмен ояту. «Күн оянды» атты жеңіл созылу жаттығулары. | «Көбелек» жаттығуы Қолдарын екі жаққа созады, қанат қағу қимылын жасайды. Мәдени-гигиеналық дағды: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу) | Сауықтыру жаттығуы: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). | «Күнге созылу» жаттығулары Кереуетте отырып, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді. (қайталайды) | Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды әуенмен ояту. Жеңіл жаттығулар: қол аяқ бұлшықеттерін созу |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| Бесін ас | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | Құқықтық сауаттылық «Балабақшадағы ережелер» Тәрбиеші: «Біз балабақшадамыз. Қалай дұрыс әрекет жасаймыз?» Балалар рөлге енеді: біреуі ойыншық алады біреуі кезек күтеді біреуі рұқсат сұрайды Тәрбиеші жағдаят береді: «Ойыншықты тартып алды» «Кезексіз сөйледі» Балалар дұрыс, бұрыс екенін айтып, түзетеді. | «Жас экологтар» вариативтік сағат Тақырыбы: Жәндіктер – кішкентай көмекшілер. М: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Әдісі: Әңгіме лесу, сұрақ-жауап, жұмбақ, ойын Жәндіктер туралы әңгімелесу. Жәндіктер кішкентай болса да табиғатқа үлкен көмек береді. Қандай жәндіктерді білесіңдер? Ұшатын жәндіктерді ата? Құмырсқа ше? Д/о: «Қай жәндік қайда тұрады?» Ермексаздан жәндіктерді мүсіндеу. Ойын: «Жәндіктерге не жетіспейді?» | «Кішкентай ізденушілер» Т: Өсімдіктің суды сіңіруі М: Өсімдіктердің суды сіңіру процесімен таныстыру Әдісі: сұрақ-жауап, тәжірибе, ойын Өсімдік туралы әңгімелесу. «Су қалай сінеді?» Өсімдіктің тамыры су ішеді. Су тамыр арқылы сабаққа, жапыраққа барады. Тәжірибе: Бөлме гүлін ыдысқа су құйып жартылай батыру арқылы көрсету, бірнеше уаттан кейін судың азайғанын байқауға болады. Д. ойын «Не ішеді, не ішпейді?» гүл, ағаш, өсімдік су ішеді) | Ерте кәсіптік бағдар Сюжеттік ойын: «Мамандықтар әлемі» Балалар рөлдерді таңдайды: дәрігер, аспаз құрылысшы Балалар әрекет жасайды: дәрігер емдейді, аспаз тамақ дайындайды құрылысшы үй салады Әр бала айтады: «Мен дәрігермін» | Сюжеттік ойын: «Дәрігерде» Балалар рөлдерді таңдайды: дәрігер науқас, ана Балалар әрекет жасайды: дәрігер «тындайды», «тексереді» «дәрі береді» науқас шағым айтады Сөздер: «Қай жерің ауырады?» «Қазір емдеймін» Нәтиже: Балалар қамқорлық, көмектесу дағдыларын меңгереді. |
| Балалармен жеке жұмыс | Б. Би-Барыс пен М. Самратқа әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруін жетілдіру. | Н. Нұрәли мен Ж. Арланның сөздерге дыбыстық талдау жасау, дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтауын жетілдіру. | Е. Алихан мен К. Муслимге барлық дыбыстырды анық айту, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету. | Б. Әділ мен С. Бексұлтанға қағаз бетін бағдарлай білу, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларға ретімен атауын жетілдіру. | К. Айзия мен М. Еңлікке ойыншықтарды, заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға үйрету. |
| Серуенге дайындық | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше жоюға, қол орамалды пайдалануды жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбау. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелерін есте сақтау. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру | | | | |
| Серуен | «Кім биікке секіреді?» Шарты: Белгіленген нысанаға қолын тигізу үшін жоғары секіреді. | «Қаздар тізбегі» Шарты: Бірінің артынан бірі жүріп, бағытты сақтайды, бұрылғанда қатарды бұзбайды. | «Доппен эстафета» Шарты: Допты аяқ арасымен немесе бас үстімен өткізіп жарысады. | «Аңшылар мен үйректер» Шарты: «Аңшы» доппен тигізуге тырысады, қалғандары жалтарып жүгіреді. | «Кім көп жинайды?» Шарты: Алаңға шашылған заттарды уақыт ішінде жинап, санайды. |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Кешкі ас | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу. Туған күнге дастархан дайындаймыз, балалар ермексаздан қағаздан әр түрлі тағамдар қояды. https://lmusic.kz/mp3/ajbek-bekbosyn-konil-ashar/23318 «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Бәйге» | Ұжымдық жұмыс. Жылы жақтан ұшып келетін құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. (Жапсыру) Құстар туралы тақпақтар жаттау. https://lmusic.kz/mp3/ajbek-bekbosyn-konil-ashar/23318 | Адалдық әліппесі «Адал дос» Тәрбиеші жағдаят айтады: «Сен ойыншық таптын» «Сен қателестін» Балалар жауап береді: «Мен иесіне беремін» «Мен шындықты айтамын» Рөлдік көрініс жасайды. | Кітаптар қарау негізінде Отбасылық мерекелер жайында сұрау. Отан отбасынан басталады деген сөздің мағынасына түсінік беру. (Танымдық іс-әрекет) «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Асық ату» | Қаржылық сауаттылық «Дүкенде» Балалар: сатушы сатып алушы болады Сатып алушы: «Маған нан беріңізші» ақша береді Сатушы: зат береді ақшаны санайды Тәрбиеші сұрайды: «Ақша жетті ме?» «Нені таңдадың?» |
| Балалардың үйге қайтуы | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. | Ата-аналар баламен көктем мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру | Балалармен бірге кітап оқуды ұсыну, суреттер қарау. | Құстар әлемі туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Үй маңына баламен бірге ұя жасап ілуді ұсыну. | Балалармен қызықты ойындарды үйде ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру. Өнегелі 15 минут |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Алма» мектепалды тобы Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27 – 30 сәуір 2026 жыл

Тәрбиешілер: Камыспаева Г.К. Канаева Р.К.

Сәуір – еңбеккерлік және кәсіби біліктілік айы Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау. Өзіне-өзі қызмет көрсету. Апта дәйексөзі: «Кішкентай іске де жауапкершілікпен кара!»

Тексерілді:



Нурғалиева Ж.С.

24.04.2026

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.04.2026 ж | Сейсенбі 28.04.2026 ж | Сәрсенбі 29.04.2026 ж | Бейсенбі 30.04.2026ж | Жұма |
|--|---|---|---|--|------|
| Балаларды қабылдау | Өнегелі 15 мин. Балаларды қарсы алу, сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау . Күй күмбірі Акқу https://zvyki.com/song/103069657/N_r_isa_T_lendiev_or._N_r_isa_T_lendiev_-_A_u/ | Өнегелі 15 мин. Қауіпсіздікті қамтама сыз ету (заттарын орнына қою, тәртіп сақтау) Күй күмбірі Акқу https://zvyki.com/song/103069657/N_r_isa_T_lendiev_or._N_r_isa_T_lendiev_-_A_u/ | Өнегелі 15 мин. Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Күй күмбірі Акқу https://zvyki.com/song/103069657/N_r_isa_T_lendiev_or._N_r_isa_T_lendiev_-_A_u/ | Өнегелі 15 мин. Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау Күй күмбірі Акқу https://zvyki.com/song/103069657/N_r_isa_T_lendiev_or._N_r_isa_T_lendiev_-_A_u/ | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | Кеңес:Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді | Кеңес:Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз | Кеңес:Баланың уақытында тұруы мен таңғы ас ішуін қадағаланыз. Күн тәртібін сақтау баланың денсаулығына маңызды. | |
| Балалар іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес басқа | Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен) | Дидактикалық ойын «Кімде не бар?» Мақсаты: аттардың (шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі. | Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады. | Әңгімелесу "Менің ойыншығым" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді. | |
| Ертеңгілік жаттығу | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Тізбекпен жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды жоғары көтеру 5–6 рет. Қолды жанға ашу 5–6 рет. Қолды айналдыру 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Еңкею 5–6 рет. Жүрелеп отыру 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды алға созу 5–6 рет. Қолды айналдыру 5–6 рет. Қолды артқа сермеу 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Еңкею 5–6 рет. Отыру 5–6 рет. Секіру | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Тізбекпен жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды жоғары созу 5–6 рет. Қолды жанға ашу 5–6 рет. Қолды айналдыру 5–6 рет. Бұрылу 5–6 рет. Алға еңкею 5–6 рет. Жүрелеп отыру 5–6 рет.Секіру 6 р | Кіріспе бөлім: Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қол, дене және аяқ жаттығуларын толық қайталау 5–6 рет. Секіру 6–8 рет. Қорытынды бөлім: Дем алу, дем шығару | |

| | | | | | |
|--------------------------------------|--|--|--|--|--|
| | Қорытынды бөлім: Тыныс алу. Мемлекеттік Әнұран Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | 6 Қорытынды бөлім: Дем алу. Мемлекеттік Әнұран Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | Қорытынды бөлім: Тыныс ал Мемлекеттік Әнұран Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | жаттығу лары. Мемлекеттік Әнұран Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік шығармашылық дене дағдылар жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеті Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | |
| Кестеге сәйкес ҰІӨ | 1. Дене тәрбиесі ЖДЖ Толық кешенді қайта лау көктемгі қимылдарды бекіту Дене қыздыру арқылы қозғалысқа дайындалу. Қол аяқ тыныс жаттығуларын үйлесімді орындау Н.қ Арқаннан секіру оң, сол аяқпен кезекпен секіру Орнында айналып секіру ептілік пен үйлесімділікті дамыту Кедергілерден өту шалшықтар мен тастардан абайлап өту Музыка-ырғақтық қимылдар Музыкамен адымдап жүру көктемгі серуенді бейнелеу Қимылды ырғаққа сай үйлестіру Спорттық ойын элементтері Воланды бағыттау дәлдік пен | 1. Музыка маманы жоспары 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Фигураларды бояу Міндеті: Геометриялық фигураларды шетке шығармай бояу дағдыларын жетілдіру. Түстерді дұрыс қолдануға үйрету. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, практикалық жұмыс, түсіндіру, бақылау Тапсырмалары: Фигураларды бояу Түстерді дұрыс таңдау Ойын: «Ұқыпты бояу» Ойын барысы: Балалар шеңбер, шаршы, | 1. Сауат ашу негіздері Т: Дыбыстық талдау Міндеті: Сөздерге толық дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дыбыстардың ретін дұрыс анықтау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Сөйлеу белсенділігін арттыру. Әдіс-тәсілдері: Талдау, сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын, мадақтау Тапсырмалары: Сөздерді дыбыстық талдау Дыбыстарды ретімен атау Ойын: «Талдап айт» барысы: Тәрбиеші «бала», «күн», «тас» сөздерін айтады. Балалар дыбыстарды ретімен атап, әр дыбыстың түрін | 1. Музыка маманы жоспары 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Қайталау және бекіту Міндеті: Өткен барлық материалдарды (дыбыстық талдау, жазу жолы, бояу) бекіту. Балалардың білім деңгейін анықтау. Әдіс-тәсілдері: Қайталау, сұрақ-жауап, ойын, бақылау, мадақтау Тапсырмалары: Дыбыстық талдау Жазу жаттығулары Суретті бояу Ойын: «Бәрін білесің бе?» Ойын барысы: Балаларға бірнеше тапсырма | |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| <p>ептілікті дамыту Қимылды бақылап орындау Қимыл ойын: «Кім жылдам?» Балалар белгі бойынша жарыса қозғалады жүгіріп немесе секіріп тапсырманы орындайды Көктемгі жарыс ретінде ұйымдастырылады Кім жылдам әрі дұрыс орындаса сол мадақталады 2. Қоршаған әлеммен таныстыру Т: Әртүрлі климаттағы жануарлар М: Жануарларды табиғи-климаттық аймақтарға қарай ажырату. Салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілі:Көрсету, салыстыру, зерттеу, әңгімелесу Тапсырма: Жануарларды климатқа қарай бөлу Ерекшеліктерін айту Ойын: «Қай жерде өмір сүреді?» Ойын барысы:Балалар: «Ақ аю суық жерде өмір сүреді», «Піл ыстық жерде өмір сүреді»деп жауап береді және себебін түсіндіреді. 3. Қазақ тілі Жәндіктер әлемі» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Көркем сөз қолдан және түсіндір» Балалар: «Көбелек – табиғат тың әсем жәндігі» деген сөйлем құрап, мағынасын түсіндіреді: «Көбелек әдемі, түрлі-түсті</p> | <p>үшбұрышты бояйды. Тәрбиеші бояудың шеттен шықпауын, түстердің сәйкестігін бақылайды. 3.Математика негіздері Тақырыбы: Зерттеу әрекеті Міндеті:Балаларды зерттеу арқылы жана ақпарат алуға үйрету. Заттарды зерттеу барысында әрекет алгоритмін құрастыруға баулу. Бақылау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Зерттеу, тәжірибе, сұрақ-жауап, талдау, ойын Тапсырмалары: Заттарды салыстыру және зерттеу Өз әрекетін жоспарлау (қалай анықтаймыз?) Ойын: «Қалай анықтаймыз?» Ойын барысы: Балаларға тапсырма беріледі: «Қай зат ауыр? Қайсысы үлкен?» Балалар өздері шешу жолын ұсынады: салыстыру, өлшеу, санау. Тәрбиеші бағыт береді, балалар қорытынды жасайды. 4.Көркем әдебиет</p> | <p>анықтайды. Мысалы: б-а-л-а (дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауысты). 2. Қазақ тілі «Жәндіктердің табиғаттағы рөлі» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Пікір білдіру және дәлелдеу» Балалар:«Жәндіктер табиғатқа пайдалы, себебі олар өсімдіктердің өсуіне көмектеседі» деп толық жауап береді.Ойын 2: «Талқылау ұйымдастыру» Балалар бір-бірінің пікірін тыңдап, толықтырады: «Мен келісемін, себебі...» Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Ойын 1: «Дикция жаттығулары» Балалар сөйлемдерді анық айтуға жаттығады.Ойын 2: «Тыныс жаттығулары»Сөйлемді бір тыныспен айту жаттығады. Сөздік қорОйын 1: «Айтыс элементі»Балалар жәндіктердің пайдасын кезекпен айтады.Ойын 2: «Жұмбақ шешу»Грамматикалық құрылым Ойын 1: «Сөйлем түрлері»Балалар хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер құрайды.Ойын 2: «Септеу» Жәндік – жәндіктің – жәндікке – жәндікті – жәндікте – жәндіктен. Байланыстырып сөйлеу</p> | <p>беріледі: – Сөзді талдау – Жолмен жүргізу – Суретті бояу Әр бала жеке жұмыс істейді, нәтижесі бағаланады. 3.Математика негіздері Тақырыбы: Қайталау және бекіту Міндеті:Өткен барлық материалды (санау, салыстыру, кеңістік, логика) бекіту. Талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру. Әдіс-тәсілдері: Қайталау, сұрақ-жауап, ойын, бақылау, мадақтау Тапсырмалары: Санау Салыстыру Логикалық тапсырмалар орындау Ойын: «Бәрін білесің бе?» Ойын барысы: Балаларға бірнеше тапсырма беріледі: – 1–10 санау – көп/аз анықтау – логикалық есеп – кеңістікті айту Әр бала жеке жауап береді, нәтижесі талданады. 4. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көктем – әдемі мезгіл Міндеті:Шығармашылық</p> | | |
|--|---|---|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
